

К.Т. БИБЕКОВ

## ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

XIX ғ. отарлықтың қыл бұрауын қатайта түскен Ресей тегеурінімен қазақ қоғамы түбөгейлі өзгерістерді бастан кешірді. Дәстүрлі қазақ қоғамы рухани құндылықтарын қайта қарау қажеттігін сезіне бастады. Сол кезеңдегі қазақ руханиятының бірден-бір жоқшысы болған ақын-жыраулардан жүртшылық көңілге ұялаған түйткілдің түйінін шешуді, тығырықтан шығар жол көрсетуін күтті. Қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуал ақын-жыраулар дүнистанымна, шығармашылығына ықпал етпей койған жок. Замана сынына төтеп беріп, қара басының қамынғана құйттеп кетпей, халықтың мұнын мұнданап, жоғын жоқтаған сез зергерлерінің алдыңғы легінен Шернияз Жарылғасұлы ақынды көре аламыз.

Ақын шығармаларынан замана шындығын, қазақ қоғамының сол кезеңдегі тіршілік тынысын, саяси-әлеуметтік өзгерістерді танимыз. Шернияз туындылары тек әдебиеттану емес, тіл білімін де баға жетпес құнды дүние болып табылады. Кез келген ақын шығармаларын өмір сүріп отырған дауіріндегі әдеби тілде тудыратыны сөзсіз. Демек қазақ әдеби тілінің тарихы үшін де Шернияз шығармаларының мәні ерекше. Әсіресе суреткердің сез өрнегі, тіл байлығын көркем бейне жасауда қалай пайдаланғандығын анықтау төтенше маңызды ие. Шернияз қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі көркемдік дәстүрді жалғастырып қана қойған жок, оған белгілі бір мөлшерде жаналық енгізіп дамытты. Өйткени дәстүр өмір-шեндігінің басты кепілінің өзі де сол дамып, жетіліп, ілгерілеп отыратындығында.

Әлемді көркемдік түрғыдан тану, бағалау дәстүрі, оны көркем бейнелеу дәстүрі озық ойдан туынданап, байып, толыға бермек. М.О.Әуезов уақыт ете келе ұлттық дәстүрлердің біркатағар элементтері қоғамдық өзгерістердің және халықтың ұлттық мәдениетінің тарихи дамуына байланысты тозады. Дәстүрлер суреткерлердің жаңашыл ізденімпаздығымен құнделікті байи түседі. Жана дәстүрлер қалыптасады. Тұған топырағында өнердің жаңарапт жаңғыруының біртұтас диалектикалық үрдісі жүзеге асып отырады деген ойы бұл мәселедегі көп түйінді шешеді [1,309]. Кез келген дәстүр үнемі дамып, жетіліп отырмаса, мән-маңызы көмекіленіп ескіріп қалары сөзсіз. Профессор С. Негимов дәстүр және жалғастық туралы былайша ой тербейді: “Дәстүр, жалғастық деген бір-біріне жақын, төркіндес ұғымдар. Дәстүр дегенімізді шы-

ғармашылық өнерге қатыстыра айтқанда, жалғастық заңының түрі немесе бекерге шығаруды бекерге шығарудың өзіндік түрі...

Дәстүр жасампаздығының шарты – оның тұрақты динамикалығы, ылғи да турленіп, жанарып, үнемі творчестволық жағынан байтыны.

Дәстүрдің мән-мазмұнын ұғыну дегеніміз мазмұндағы өткен мен бүтінгінің бір-бірлерінің күрделі әсерін жіті, қырағы байқау.

Суреткер өзінен бұрын өткен өнерпаздық дәстүрлерді дамытады, олардың творчестволық өнердегі бағытын ұстайды. Бір жағынан бұрынғылардың көркемдік дәстүрін сабактастырса, екіншіден, қазіргі өмір ырғағына, иірім-толқындағына, жағдайдың өзгеруіне тәуелді болып отырады» [2,108]. Ұлттық дәстүрдің аясында жана дәстүрлер туып қалыптасады. Жана дәстүр өзіне дейінгі дәстүрлермен байланысып жатады. Дәстүрді дамытушы суреткерлердің барлығы бірдей бола бермесі анық. Кейбір суреткердің дәстүрді дамытудағы қызметі елener-еленбес болса, екінші бірі дәстүрді жана бір сапалық деңгейге көтереді.

Шернияз шығармаларынан қазақ ауыз әдебиеттінде қалыптасқан озық дәстүрлердің көрінісін анық байқап қаламыз. Мысалы,

Мінді Науша атына-ай.  
Ықпалы жүрген Наушаның,  
Таланы бар заманда,  
Әли арыстандай батыр-ай...  
Бекетай құмның белесі,  
Тұтіндеңен шаң болды-ай.  
Аллалаған дауыска,  
Жер сілкініп қозғалды-ай...  
Ашқан аузы Наушаның  
Ат-тонымен сыйғандай.  
Мандайында жалғыз көз,  
Көл өртенип жанғандай, –

деген сияқты шумактарды оқығанда құлакқа батырлар жырының сарыны келеді. Халықтың өр рухы мен мұқалмас қайрат-жігері бой көрсетеді. Шерниязда кездесетін Әли арыстандай батыр-ай..., Құландаі тауды жайлалған, ат құлагын теңесті, қайратты туган арыстан, қайдақы борік басында, ақ балдақ белдік белінде сияқты т.б. қолданыстар ауыз әдебиетінде дәстүрлі қолданылып отыратын сез оралымдары болып табылады. Сондай-ақ ақын әсірелеуден де бой тартпай, орнымен орайын тауып қолданады.

Шернияз шығармашылығына бойлаған са-йын оның соны қырлары, даралық сипаттары да айқындаға береді. Осы орайда Баймағамбет сұлтанмен кездескенде айтқан өлеңі ерекше назар аударалық. Мысалы,

Кең көшіп ен жайлаган қалың қазак  
Күйіден түршіккен соң толықсыған.  
Толқынға алтын қазық тұтқа болып,  
Тұрсың-ау жүрт шайқалтпай, Бәйем сұлтан!  
Жалаңаш елден шықкан бір сорлымын,  
Жалғыз-ақ үміттімін рахымынан.  
Басымды алар болсаң жылдам алиш,  
Бізгірық етіп барады табанымнан.

Бір қараганда Шернияз Баймағамбет сұлтанды тек мактап тұрғандай көрінеді. Дегенмен ақын сөзінің астарында ашы кекесін бары да анғарылған қалады. Осы шумақтардағы қолданылған бейнелеуіш құралдарға көніл аударайық. *Түршігү* етістігі тұра мағынасында қатты тіркеністен болатын өсерді білдіреді. *Жаны түршігү тұрақты тіркесі* шошыну, қорку сезімдерімен байланысты болып келеді. Шернияз өленде *түршігү* етістігін осы фразеологиялық байлаулы мағынасында алып жүмсаған. *Толықсу* етістігі тұра мағынасында мол судың, теңіздің тербелісін, коз-ғалысын білдіретін белгілі. Ақын *толықсу* етістігін метафораландырып қазак халқына қатыс-ты қолданған. Әрі келесі жолдағы толқын сөзі де метафора ретінде келген. Сол арқылы бодандықтағы қазак халқының дауылды құнғі теңіздей аласапыранға түскенін көз алдымызға келтіреді. Ал осы шумактың сөнғы екі жолында айтылған ой алғашқы жолдарға қайшы келеді: *Толықынға алтын қазық тұтқа болып, Тұрсың-ау жұрт шайқалтпай, Бәйем сұлтан!* *Толықсу – шайқалу* етістіктері бір синонимдік қатарға жататын мәндес сөздер. Бірақ өзгелік етіс тұлғасында келген *шайқалтпай* етістігі болымсыздық мағынада тұр. Ақиқатында не толықсып, шайқалу керек те, не толықсымау, шайқалмау керек. Демек бірі екіншісін жоққа шығаруы керек. Баймағамбет елді шайқалтпай ұстап алтын қазық тұтқа болып тұр ма, жоқ әлде бұл айтылған кекесін бе? Шернияздың халықты толқынға балауы кездейсөк болмаса керек. Толқын киіз үй немесе шарбақ емес, оны қазықпен толқытпай ұстап тұра алмайсың. Олай болса Баймағамбеттің *жұрт шайқалт-пай тұрган алтын қазық тұтқа болуы* бекер. *Тұрсың-ау* дегендегі – *ау* демеулік шылауының айтылу ынғайына қарай ренжу, күйінү мағыналарын үстейтінін ескерсек, ақынның Баймағам-бетті мактап тұрған сияқты көрінгенмен, астарлы кекесінмен жазғырып тұрға-

нын түйсіну қыын емес. Мәтіндегі *кәүір, түршігү* сөздерінің жағымсыз экспрессиясы да өлең жолдарындағы басқа сөздерге де көленкесін түсірмей қоймайды.

Осы өлеңнің келесі жолдары Баймағамбеттің жүртқа алтын қазық тұтқа емес, керісінше жендет екеніне анық көзімізді жеткізеді:

Жалаңаш елден шықкан бір сорлымын,  
Жалғыз-ақ үміттімін рахымынан.  
Басымды алар болсаң, жылдам алиш,  
Бізгірық етіп барады табанымнан.

Шернияз өз ойын астарлап жеткізуде тағы да мән-мазмұны бір-біріне қарама-қарсы сөйлем-дерді алады. Бұрын *Кең көшіп ен жайлаган қалың қазақ* болса, Баймағамбеттің тұсында *Жалаңаш елден шықкан бір сорлымын*. *Жалаңаш* эпитеті тек Шернияздың өзіне ғана емес, ел сөзінің алдынан келгендіктен жалпақ елге де қатысты болып шықкан. *Жалғыз-ақ үміттімін рахымынан* дейді де, артынша *Басымды алар болсаң, жылдам алиш* деп айтып салады. Бұдан ақынның бірнеше астарлы пікірлерін аңғаруға болады: 1. мұндай корлықты өмірден өлген артық; 2. сен жендетсін. Мәтіннің жалпы мазмұны оның құрамындағы сөйлемдер мазмұнының жай қосындысы емес. Оның жалпы мазмұны қорытындылау, түйіндеу арқылы анықталады. Бұл мәселе туралы А. Жұбанов былай дейді: «Сонымен, нақты бір мәтін мазмұнының оны құрайтын бөліктер мазмұнына қатысы бар (бөлім, тарау, мәтін кесінділері және фразадан тыс бөлік) деп саналады. Бірақ мәтіннің мән-мағынасы (смысル текста) оның құрамындағы сөйлемдер мағынасының жиынтығынан тұрмайтыны белгілі, себебі әр сөйлем өзінше «көрін-бейтін» және лингвистикалық тұрғыда өрнектел-мейтін «ішкі мәтіннен» тұрады. Мәтіннің толық мән-мағынасы оның мазмұнын жалпылап, қорытындылап, түйін жасау арқылы іске асады. Мәтін негізінде жатқан жалпы пікір – мәтіннің жалпы мәні болып саналады»[3.16]. Мәтіндегі тірек сөздер оның жалпы мәнін, экспрессивті-эмоционалды бояуын анықтауға мүмкіндік береді. Осы шумактағы *жалаңаш, сорлы, бас алу, ызығырық* сөздерінің жағымсыз экспрессивті-эмоционалды бояуы бар. Ал *үмітті, рахым* сөздерінің жағымды экспрессивті-эмоционалды ренін аңғарамыз. Дегенмен жағымсыз өсер сандық та, сапалық та жақтан басым түсіп жатыр. Бұл мәтінде айтылған жалпы пікір мен бағаны белгілеп береді.

Ашы кекесін, өткір сынды осылайша көрнек мактаумен буркемелеп жеткізу Шернияздың өзіндік жаңашылдығы, шеберлік қыры деп тануга болады.

Халықтың жоғын жоқтап ел билеушілерді шенеуінде Шернияз Махамбет, Жанақ, Шөже ақындармен үндеседі. Шерниязben тұстас Жанақ ақын «Рұstem төреге айтқан сөзінде» астарлап беруден гөрі қалып аргынға арқа сүйеп, мінін тайсалмай бетке айту бар.

Орайы келгенде Шернияз да Баймағамбеттің мінін Махамбетше тайсалмай бетіне айтады:

Қазактың кара жұртын быт-шыт қылған,  
Төре емесің, төбетсің дым білмеген.  
Айдаттың жалғыз бауырың Исатайды,  
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген.

Шөже Қаржаубайұлының қырғыз Бәйтікке айтқанындағы астарлы мысқылы оны Шерниязben жақындастыратындей.

Патша жақсы көріпті барған сені,  
Бәйтікті мақтайды гой мұндағы елі.  
Бетіне ақ патшаның тұра қарап,  
Бәйтіктің батырлығын қарашы енді?!

дегенде ашы мысқыл жатыр. Эрине патшага тұра карауда тұрған батырлық жоғы айқын. «Патша жақсы көріпті барған сені», «Бетіне ақ патшаның тұра қарап» деп айтуында да астар бар. Ақ патшаның қабылдауына Бәйтікпен елден еріп барған ешкім жоқ. Демек бұл сөздер Бәйтіктің өзінен шықкан. Шөже болса оның мактандығын әжаплап «батыр» деп жорта қолпаштайды.

Шернияз ақынның суырып салма ақындық шеберлігінің айрықша бір көрінісі үйдің ішкі-сыртқы жабдықтарын бөгелмей өлеңге қосуынан да танылады. Мысалы,

Төрінде сандық айтар: – Төремін, – деп,  
Есік айтар: – Өр нәрсе көремін, – деп.  
Ернін жалақ қыпты жомарт ожau,  
Көрінгенте қол қайыр беремін деп.  
Ожau айтар: – Қазанға қапталдым, – деп,  
Қазан айтар: – Қарнымнан қақталдым, – деп.  
Жүгіріп от айнала шәйнек жүрреп,  
Қылығым не қудайға жақлады деп.

Осы мысалдағы кейіптеу курделі ассоциацияға құрылған. Шернияз үй жиындарын адамша сөйлетіп, жүргізіп койған. Кейіптеудің мұндай түрі Шерниязға дейінгі қазақ поэзиясында кездесе бермейді. Өлеңнің әсерлі болып шығуының өзі үй жиындарының сыртқы көрінісі, орны мен адамдар-

дың әлеуметтік дәрежесі, қарым-қатынасы сәтті алмастырылғандығында болса керек. Сандықтың орны төр, ішінде бар қазына-байлық жиылған. Төре де төрден орын алады, елдің бар асылы, байтығы қолында. *Ожau – көрінгенте қол қайыр беретін жомарт адам*. Кетілген ожаудың ернеуі – жасалақ ерін. Бұл кейіптеулер метафоралық колданыс нәтижесінде мүмкін болып тұр. *Жүгіріп от айнала жүрген шайнек* метафораланудан гөрі метонимиялану жолымен берілген десек, категесе қоймаспзыз. Өйткені от айнала жүгірғен шайнектің өзі емес оны ұстайтын жас келін деп тұспалдауға болады.

XIX ғасырдағы казак әдебиетінде өзіндік үні, сыр-сипаты бар санлақ ақын Шернияз шығармашылығы стилист ғалымдар тарапынан да, қазак әдеби тілінің тарихы тұрғысынан да жеткілікті зерттеле қойған жоқ. Шернияздың ақындық дарынына тамсанып қана қоймай, таныту да қажет. Ақынның өлең ерімін, сөз саптауын, көркемдік ернегін уақыт тоzanы көмексілендіре алған жоқ. Өлең-толғаулары сынын жоғалтпай, шұрайлы тілімен, қанық бояуымен замана сырын толғап, өткенде тірілтіп, сонысын солғыннатпай, барша бедерімен, арман-мұнымен, қайғы-қуанышымен зерлеп көз алдымызға тосятындей. Еңсесін тіктеген ел өткенін барлап, асылын бағалап алуы да қажет. Ол үшін Шернияз сијакты ақындардың сынар жол өлеңі де ескерусіз калмауы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ

- Негімов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Алматы: 2001. 280-б.
- Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы: Монография мен мақалалар. Алматы: Жазушы, 1985. 496-б. Т.20.
- Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Формалды модельдер. Алматы, 2006 ж.